



АҚПАРТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 16 қараша

Сақтандыру жөніндегі заң жобасы негізгі міндеттерді шешуге бағытталған – Д. Ақышев

Заң жобасы негізгі төрт міндетті шешуге бағытталған – бұл сақтандыру нарығының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету, сақтандыру қызметтерінің өңірлік қолжетімділігінің өсуі, сақтандыру өнімдерінің сапасын арттыру және құнын төмендету, сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту.

Бұл туралы ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысы аяқталғаннан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

«Заң жобасының шеңберінде сақтандыру полистерін электрондық форматта енгізу және сақтандыру қызметтерін сақтандыру ұйымдарының интернет-ресурстары арқылы сату мүмкіндігі көзделген», - деді Д.Ақышев.

Ол туристік фирмалардың жауапкершілігін сақтандырудан туристің тәуекелдерін сақтандырудың халықаралық практикасына ұқсас туристің өзін тікелей сақтандыруға өту салынғанын атап өтті: «Сыртқа шығатын туристі сақтандыруды баратын елге және болатын күндер санына байланыстыра отырып, міндетті сақтандыру бағдарламаларының бірі бойынша көшпелі туризм саласындағы туроператор жүзеге асырады. Туристі міндетті сақтандыру бағдарламасы туристің өмірі мен денсаулығына зиян келумен байланысты әлеуметтік тәуекелдерден тұрады».

Сонымен бірге, Д. Ақышевтың айтуынша, сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту жөніндегі шаралар кешені көзделген, атап айтқанда, әлеуметтік тұрғыдан маңызды сақтандырудың кепілдік берілген сыныптарының тізбесі кеңейтілді, сақтандырудың барлық міндетті және ерікті сыныптары бойынша сақтандыру омбудсманы қызметінің саласы кеңейтілді.

Таяу уақытта RBK банкіндегі ахуалды тұрақтандыру күтіледі – Д. Ақышев

7 қарашада Ұлттық Банк, Үкімет, RBK Банкі және «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС атынан жаңа инвестор арасында RBK Банкін кезең-кезеңмен қалпына келтіру және оның төлем қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында Негіздемелік келісімге қол қойылды. Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының 2017 жылғы 16 қарашада Астана қаласында өткен пленарлық отырысы аяқталғаннан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, айтып берді.

«Қазіргі уақытта тараптар Негіздемелік келісімде көзделген іс-шараларды іс-жүзінде жүзеге асыруға кірісті. Бастапқы кезеңде «Қазақмыс корпорациясы» клиенттердің тапсырмалары бойынша, оның ішінде, көбінесе осал топтарға жатқызылған клиенттердің операциялары бойынша көлемді біртіндеп өсіру үшін жеткілікті қосымша өтімділікпен Банкті қамтамасыз етті», - деп хабарлады Д. Ақышев.

Ол сонымен қатар жаңа инвестор қабылдаған міндеттемелер шеңберінде Банкті шамамен 160 млрд. теңге сомаға қосымша қаражатпен капиталдандырудың болжанатынын атап өтті. Ұлттық Банк тарапынан реттелген қарыз түріндегі қолдау 240 млрд. теңгеге жуық болды.

Қаржы реттеушісі таяу уақытта Банктегі ахуал тұрақтанады деп күтеді.

Сонымен қатар Д. Ақышев Ұлттық Банктің Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасын іске қосқанын еске салды. Бұл Бағдарлама орнықты қаржы институттары нарығын қамтамасыз етуге және банктердің мемлекеттік қолдауға тәуелділігін төмендетуге арналған.

«Банктерді қалыпқа келтіру схемасына сәйкес үстеме капиталдандыру және активтердің сапасын жақсарту жөніндегі шаралар қабылдауға міндетті акционерлердің жауапкершілігі артады», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Қорытындылай келе, Ұлттық Банктің басшысы осы бағдарламаның бірінші кезекте банктің салымшыларын қорғауға бағытталғанын атап өтті. Сонымен қатар, қаражат банктерге қайтарымды негізде бөлінеді.

Ұлттық валютаның ресми бағамын биржалық сауда-саттық негізінде белгілеудің ағымдағы практикасы неғұрлым оңтайлы болып табылады – Д. Ақышев

Қазақстанның ішкі валюта нарығы құбылмалылығының жоғары болуына байланысты Ұлттық Банктің айырбастау бағамы бойынша іргелі үрдістерінің қалыптасуына кедергі келтірмей, валюта бағамының күрт тұрақсыздандыратын өзгерістерінің алдын алу мақсатында валюта нарығында өктемдіктер жүргізуге құқығы бар. Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының 2017 жылғы 16 қарашада Астана қаласында өткен пленарлық отырысы аяқталғаннан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, айтып берді.

«2016 жылы Ұлттық Банк шетел валютасының нарықтағы шектен тыс ұсынысын жеңілдете отырып, оны сатып алушы ретінде көрінді. 2017 жылғы қазанда жеткілікті ұсыныстың болмауына байланысты шетел валютасына жоғары алып-сатарлық қажеттілік байқалды. Валюта нарығындағы ахуалды тұрақсыздандыруға жол бермеу мақсатында Ұлттық Банк шетел валютасының сатушысы болды», - деп хабарлады Д. Ақышев.

Ол биржалық валюталық сауда-саттық негізінде ұлттық валютаның ресми бағамын белгілеудің ағымдағы тәжірибесі нарықтық болып табылатынын және валюта нарығындағы нақты сұраныс пен ұсынысты көрсететінін атап өтті.

Данияр Ақышев сыртқы борыштың жай-күйін түсіндірді

2017 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сыртқы борышы 167,9 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде 7,9% немесе 13,2 млрд. АҚШ доллары – бұл мемлекеттік сектордың сыртқы борышын, 3,7% немесе 6,2 млрд. АҚШ доллары – «Банктер» секторының сыртқы борышын, 25,2% немесе 42,4 млрд. АҚШ доллары – тікелей инвестициялармен байланысты емес «Басқа секторлардың» берешегін, ал қалған 63,2% немесе 106,1 млрд. АҚШ доллары аталған сектордың фирмааралық берешегін құрайды.

Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысы аяқталғаннан кейін журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, айтып берді.

Д. Ақышев, сондай-ақ мемлекеттік сектордың сыртқы борышы, ең алдымен, халықаралық капитал нарығында шығарылған тәуелсіз облигациялар құнының өсуі

есебінен және Ұлттық Банктің қысқамерзімді ноттарына бейрезиденттер тарапынан сұраныстың артуы есебінен 0,4 млрд. АҚШ долл. артты деп мәлімдеді.

«Банктердің» сыртқы міндеттемелері» (екінші деңгейдегі банктер және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ) 1,0 млрд. АҚШ долл., оның ішінде еурооблигацияларды жоспарлы өтеу және іс-әрекеттегі сыртқы қарыздар салдарынан қысқарды», - деді қаржы реттеуші.

«Фирмааралық борыш 1,8 млрд. АҚШ долларына өсті, ол бірінші кезекте, мұнай-газ жобаларын одан әрі қаржыландыру және қарыздар бойынша төленбеген дивидендтер мен сыйақылар бойынша тікелей инвесторлар алдындағы берешектің өсуі есебінен болды», - деді Д.Ақышев.

Ұлттық Банк басшысының пікірі бойынша, ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) және тауарлар мен қызметтер экспорты (ТҚЭ) көлемінің өсуі сыртқы борыштың салыстырмалы өлшемдерін жақсартуға ықпал етеді: сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қатынасы 2017 жылғы 1 шілдеде жыл басындағы 119,3%-бен салыстырғанда 112,4%-ды құрады, ал сыртқы борыштың ТҚЭ-ға қатынасы 375,8%-бен салыстырғанда 336,6%-ды құрады.

«2017 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстанның сыртқы борышы ІЖӨ-нің 27,6%-ын құрай отырып, 3,1 млрд. АҚШ долларына 41,2 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайды», - деп ата өтті Д. Ақышев. Қаржы реттеушісінің басшысы мемлекеттік сектор басқа әлемге қатысты бұрынғысынша таза кредитор позициясын, «Басқа секторлар» және «Банктер» секторы таза борышкер позициясын сақтап отырғанын атап өтті.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz